



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

6. Мауленов К. С. Государственное управление и правовое регулирование в сфере иностранных инвестиций в Республике Казахстан. – Алматы. – 2000. – С. 167-182
7. Сарсембаев М. А. Правовой статус экономических зон Казахстана и мира: Учебник. – Астана. – 2002. – С. 344-358
8. Sornarajah M. The international Law of Foreign Investment. – London. – 1994. – С. 156-158
9. Фархутдинов И. З. Международное инвестиционное право: теория и практика. – М.: «Проспект». – 2005. – С. 116-121
10. Фархутдинов И. З. Международное инвестиционное право и процесс. – М.: «Проспект». – 2010. – С. 73-78
11. Гетьман-Павлова И. Международное частное право. – Санкт-Петербург. – 2018. – С. 144-152
12. Курбанова Р. А. Ларетина А. С. Международное частное право. – Москва. – 2014. – С. 386-410
13. Официальный сайт Комитета по статистике. Раздел: Официальная статистическая информация. [Электронный ресурс]. URL: http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/publicationsPage (дата обращения - 29.03.18)
14. Dozler R. Schrever C. Principles of international investment law. – Oxford university press. – 2008. – С. 463-469
15. Мауленов К. С. Шумилов В. М. Международное экономическое право. – Алматы. – 2014. – С. 294-416
16. Трапезников В. А. Валютное регулирование в международном инвестиционном праве. – М.: «Волтерс Клувер». – 2004. – С. 98-107
17. Мороз С. П. Актуальные проблемы инвестиционного права: Курс лекций. – Алматы: НИЦ КОУ. – 2013. – С. 220-261

УДК 341.9

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛА АСЫРАП АЛУ МӘСЕЛЕСІ

Тельман Назима Асетовна

nazimatelman@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті,

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-23 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б

Андатпа. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын балалардың шет ел мемлекеті азаматтарымен асырап алынуы және соның негізінде пайда болған мәселелер.

Аннотация. Усыновление казахстанских детей иностранными гражданами и появившиеся ввиду этого проблемы.

Түйін сөз. Бала, шет ел, азаматтық, асырап алу.

Бала туылғанға дейін, сондай-ақ туылған соң да тиісті құқықтық қорғауды қоса алғанда, оның тәні мен ақыл-есінің жетілмегендігіне байланысты арнайы қорғау мен қамқорлықты қажет етеді^[1].

Қарастырылып отырған тақырып балаларды халықаралық асырап алу болғандықтан, алдымен статистикаға бет бұрсaq:

2016 жылдың 1 қыркүйегіне сай Қазақстанда «Жетім қалған және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға» арналған ұйымда 7231 бала тәрбиеленуде. Қазақстан Республикасында халықаралық бала асырап алу 1999 жылдан бастап рұқсат етілген. 1999-2011 жылдар арасында шетел азаматтарымен 8791 қазақстандық жетім бала асырап алынды. Оның

6421-і АҚШ-тан жаңа отбасы тапты. 2002-2004 жылдары шетел азаматтарымен қазақстандық бала асырап алу ең жоғарғы деңгейге жеткен уақыт болып саналады. Балалардың 70%-ы жаңа ата-анасымен 2 жасқа дейінгі кезінде асырап алынды.

Яғни, 1 жасқа толмай асырап алынған бала саны - 2459

1-2 жас арасында асырап алынған бала саны - 2040

3-4 жас арасында асырап алынған бала саны - 752

5-12 жас арасында асырап алынған бала саны - 1052

13-18 жас арасында асырап алынған бала саны - 118

Алайда осындай жоғары көрсеткіштер көрсетілгенмен, қазақстандық консулдар мен дипломаттар асырап алынған балалармен және де олардың ата-ана, отбасыларымен қатынасқа түсе алмағандықтан 2011 жылы Қазақстан Республикасы АҚШ азаматтары үшін бала асырап алу процедурасын тоқтатты^[2].

Бала асырап алудың тарихына келетін болсақ, бала асырап алу туралы тұңғыш заң 1851 жылы АҚШ-тың Массачусетс штатында қабылданған. Бұл заң бойынша асырап алынған бала биологиялық балаға тиесілі құқықтарға ие болған. Судья бала асырап алушы ата-аналардың баланың тамақтандыра алу мүмкіндігін ғана емес, сондай-ақ оған білім беру мүмкіндігінің де бар-жоғын анықтауға міндетті болатын.

Халықаралық бала асырап алу тарихындағы ерекше рөлді әдебиет бойынша Нобель сыйлығының лауреаты Перл Бак иеленеді. Ол Қытайда пресветериан дінін таратушы американ отбасында өскен. Ол тұрмысқа шыққан ересек жасында екінші отаны болған АҚШ-қа оралады. 1949 жылы аралас нәсілді балаларды асырап алған Перл Бак дүние жүзіндегі тұңғыш халықаралық бала асырап алу жөніндегі Welcome House агенттігін құрған. Оның басты мақсаты азия нәсілді және қаны аралас жетімдерге қамқорлық жасау болды, өйткені ол кезде мұндай балаларды асырап алу американдықтар үшін жат болатын. Оның атындағы қор бүгінгі күні де жұмыс істейді. Бұл қор нәсіл аралық бала асырап алуға мамандандырылған^[3].

ЮНИСЕФ-тің бастамасымен халықаралық бала асырап алу саласында көптеген шаралар жүзеге асырылып келеді. Олардың ішінде ең маңыздысы, 1989 жылы «Бала құқықтары туралы конвенцияның» қабылдануы. Қазақстан Республикасы бұл конвенцияны 1994 жылы ратификациялаған. Халықаралық асырап алу мәселесі Бала құқықтары туралы конвенцияда ескерілген. Яғни, 20 бапқа сай «Отбасы ортасынан уақытша немесе біржола айырылған немесе өзінің ең қажетті мүддесі үшін мұндай ортада қала алмаған бала, мемлекет тарапынан көрсетілетін ерекше қорғау мен көмекті пайдалануға құқылы. Күтімді алмастыру түрлерін қарастырған кезде баланың тәлім-тәрбие сабақтастығын қалауы және оның этникалық тегі, дінге, мәдениетке қатысы және ана тілі тиісті түрде ескерілуге тиіс». Ал, 21 бап бойынша «Бала асырап алу жүйесі болуын мойындайтын және/немесе оған рұқсат беретін қатысушы мемлекеттер баланың ең қажетті мүдделері бәрінен бұрын ескеріліп отыруын қамтамасыз етеді»^[1].

Халықаралық бала асырап алудың негізгі ережелері 1989 жылғы «Бала құқықтары туралы» конвенцияда белгіленген (20, 21 бап). Осы конвенцияны қабылдау негізінде ұстанған принциптер 1993ж. 29 мамырдағы «Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы» Гаага конвенциясының мәтінінде толық бағаланып бекітілді. Алайда Гаага конвенциясының көптеген ережелері Қазақстан заңнамасында толық қанды жүзеге аспады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық бала асырап алу тек қазақстандық балаларды шетел азаматтарының асырап алуы ғана емес, қазақстандық азаматтардың шетелдік балаларды асырап алуы да қарастырылады.

Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық асырап алудың негізгі шарты асырап алған балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін ратификацияланған конвенцияларға сай сақтау болып табылады. Егер асырап алу нәтижесінде баланың Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленген құқықтары бұзылған болса, онда асырап алу, бала асырап

алушының азаматтығына қарамастан, қабылданбайды, ал бұрын шығарылған келісімдер сотты түрде күшін жояды^[4].

ЮНИСЕФ бастапқыда бала асырап алу мәселесіне мән бермеген болатын. Дегенмен әртүрлі мемлекеттер тарапынан келіп түскен өтініштердің нәтижесінде халықаралық асырап алу стандарттарын айқындайтын халықаралық құжаттың қабылдануы мәселесін көтерді. Осылайша, 1993 жылы Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенциясы қабылданды. ЮНИСЕФ-тің ұстанымы ата-ананың қамқорлығын жеткілікті деңгейде сезінбеген әрбір бала өзге отбасының қамқорлығына өз келісімі шегінде өтуіне құқылы. Яғни, негізгі ұраны - әрбір бала бақытты болуға лайықты. Әрине, қандай жағдай орын алмасын бірінші кезекте баланың ең басты мүдделері ескерілуі керек. ЮНИСЕФ халықаралық бала асырап алу рәсімдерін жүзеге асыру үшін міндетті түрде әрбір Гаага конвенциясына мүше мемлекеттің территориясында жауапты органның құрылуын талап етеді. Әрине, мәселе Гаага конвенциясының 9-бабында былай берілген: Орталық органдар тікелей өздері немесе мемлекеттік билік орындары немесе өз мемлекетінде тиісті түрде уәкілеттік алған басқа да ұйымдар арқылы, атап айтқанда: а) баланың жағдайы мен қабылдап алуы ықтимал ата-ана туралы ақпарат жинауға, сақтауға әрі оны алмасуға, бұл бала асырап алу актілерін жасау үшін қажет; б) бала асырап алу рәсімін жеңілдету, сақтау және жеделдету; с) бала асырап алу және өз мемлекеттерінде бала асырап алуды жүзеге асырғаннан кейін көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша консультация алуды дамытуға жәрдемдесу; d) баланы шетелдік асырап алу тәжірибесі туралы жалпы бағалау баяндамаларымен бірін бірі қамтамасыз ету; е) басқа да орталық немесе мемлекеттік билік орындарының бала асырап алу аясындағы нақты жағдай туралы ақпарат беру туралы негізделген өтініштеріне олардың мемлекеттерінің рұқсат етуіне қарай жауап беру үшін барлық тиісті шараларды қабылдайды^[5].

1988 жылы Халықаралық жеке құқық бойынша Гаага конференциясының тұрақты бюросы Халықаралық асырап алуды қарастыратын халықаралық құжаттың жобасын дайындады. Құжат «Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенция» деген атпен 1993 жылдың 29-мамырынан бастап қол қою ашық деп жарияланған болатын. Осы конвенцияның V-тарауында «Бала асырап алуды тану және оның салдары» бала асырап алудан кейінгі іс-шараларды құқықтық тұрғыдан реттейді^[6].

Соңғы 15 жылдың ішінде Қазақстанда 50 мыңға жуық бала асырап алынған. Осындайда әрбір бесінші баланы шетелдіктер асырап алып, басқа мемлекетке алып кеткен. Ол біздің 9 мыңға жуық қазақстандық балаларымыз. Осындай балаларды асырап алған отбасылардағы балалардың өмір жағдайларына бақылау орнату жөніндегі жұмыс сәтсіздікке ұшырады. Асырап алушылар өз есептерін уақытылы тапсырмайтындығына байланысты 3,5 мың асырап алынған балалардың өмір сүру және тәрбиелену жағдайлары туралы ақпарат жоқ. Нәтижесінде бүгінгі күні бізде шетел азаматтарына асырау мақсатымен берілген 673 қазақстандық балалардың қайда жүргендігі туралы еш мәлімет жоқ^[7].

Жоғарыда келтірілген мәлімет мемлекеттік деңгейдегі бала асырап алудан кейінгі бақылауды күшейту керектігін міндеттейді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы Гаага конвенциясын ратификациялау туралы ҚР-ның 2010 жылғы 12-наурыздағы №253-IV Заңы қабылданып, ол 2010 жылдың 1-қарашасынан бастап күшіне енді. Гаага конвенциясының преамбуласында Конвенцияның 1989 жылғы 20 қарашадағы Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясында, БҰҰ-ның Балаларды қорғау мен олардың жай-күйіне қатысты әлеуметтік және құқықтық принциптер туралы декларациясында және әсіресе, 1986 жылғы 3 желтоқсандағы ұлттық және халықаралық деңгейде бала тәрбиелеу және оны асырап алу туралы БҰҰ Бас Ассамблеясының 41/85 қарарында айтылған принциптерді назарға алатындығы қарастырылған. Сәйкесінше, Гаага конвенциясын ратификациялаған мемлекетке конвенцияға сай тиісті міндеттемелер жүктеледі және халықаралық асырап алынған балалары туралы тиісті ақпараттарды шетелдерден талап етуге құқық береді.

Гаага конвенциясының III-тарауындағы 6-бапқа сай әрбір «уағдаласушы мемлекет Конвенцияға сәйкес осындай органдарға жүктелген міндеттерді орындау үшін орталық органды тағайындайды» және 13 бап бойынша «Орталық билік орындарының атаулары және бұл қажет болған жерде, олардың функцияларының көлемі, сондай-ақ уәкілетті билік орындарының атаулары мен мекен-жайларын әрбір Уағдаласушы мемлекет Халықаралық жеке құқық жөніндегі Гаага конференциясының Тұрақты бюросына хабарлайды»^[8]. Алайда бұл механизм жүзеге аспағандықтан, 3.5 мың қазақстандық асыранып алынған балалардың сүру және тәрбиелену жағдайлары туралы ақпарат болмағандықтан және де бұл үлкен проблема туғызғандықтан 2011 жылы Қазақстан Республикасы АҚШ азаматтары үшін бала асырап алу процедурасын тоқтатты.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бала құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы ҚР-ның Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы // adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400_
2. Кана Бейсекеев «Бала» кинофильмі <https://www.youtube.com/watch?v=UKYQpwq-hqM>
3. https://kk.wikipedia.org/wiki/Бала_асырап_алу
4. <https://articlekz.com/article/6975>
5. Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенция // adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000253_
6. Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенцияны ратификациялау туралы ҚР-ның 2010 жылғы 12 наурыздағы №253-IV Заңы // adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000253_
7. Бас прокурор Асхат Дауылбаевтың жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығысыз қалған балаларды асырап алу мәселелері туралы алқа отырысындағы сөзі (Астана, 2014 жылғы 21 ақпан). - [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://prokuror.gov.kz/kaz/baspasoz/akparaty/bas-prokuror-ashat-daulbaevtyn-zhetim-balalardy-zhne-ata-analarnyn-kamkorlygysyz>
8. Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы Гаага конвенциясын ратификациялау туралы ҚР-ның 2010 жылғы 12-наурыздағы №253-IV Заңы. III-тарау, 6-бап // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000253_

УДК 341.9

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ҒАЛАМТОР ЖЕЛІСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түлеуова Еркежан Жунусалиевна
Moon.sun.2015@bk.ru

Л.Н. Гумилеватындағы Еуразия Ұлттық университеті, Заң факультеті
Халықаралық құқық мамандығы
Мпк-31 тобының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Сейдеш Б.Б.

Аңдатпа. Бұл мақалада Халықаралық жеке құқықтағы Ғаламтор желісінің мәселелері қарастырылды және талдау негізінде түсіндірілді. Ғаламтор желісі ұғымы кеңінен түсіндірілді.

Аннотация. В этой статье рассматриваются вопросы сети Интернета в международном частном праве и интерпретируются на основе анализа. Широко объясняется концепция сети Интернета.